

БЕРДАҚ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

ӨЗБЕК ФИЛОЛОГИЯСЫ ФАКУЛЬТЕТІ

ФИЛОЛОГИЯ (ҚАЗАҚ ТІЛІ, ТҮРКМЕН ТІЛІ) КАФЕДРАСЫ

КУРС ЖУМЫСЫ

Тақырыбы: Ғ.Мұстафиннің «Шығанақ» романының
көркемдік ерекшелігі

Орындаған: _____ С.Ибрагимова

Қабылдаған: _____ Ш.Смамутова

Нөкіс – 2015 ж.

Ғ.Мұстафиннің «Шығанақ» романының көркемдік ерекшелігі

I. Кіріспе

1. Ғ.Мұстафиннің өмір жолы және шығармашылығы

II. Негізгі бөлім

1. Шығармаларының негізгі тақырыптары
2. Ғ.Мұстафиннің «Шығанақ» романының көркемдік ерекшелігі

III. Қорытынды

IV. Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе

1. Ғ.Мұстафиннің өмір жолы және шығармашылығы

Курстық жұмыстың мақсаты мен міндеті: Курстық жұмыстың негізгі мақсаты Ғ.Мұстафиннің қазақ прозасында алатын орнын анықтау. Ғ.Мұстафиннің «Шығанақ» романының көркемдік ерекшелігі сөз саптау ерекшеліктеріне тоқталу, жалпы сипатын беру. Тақырыптың мазмұнын аша түсуде қолданған амал-тәсілдерін, қолданудағы ерекшеліктеріне толық анықтама жасау. Ғ.Мұстафин прозасының соның ішінде «Шығанақ» романының ерекшеліктеріне тоқталып, тақырыптық тұрғыдан толық ашу. Оның прозасындағы ағартушылық, адамгершілік сарыны, туған халқын, Отанын сүйгіш сезімі, қорлыққа, әділетсіздікке төзбеуі, жаман мінез, қылықтар мен әлеуметтік міндерді сынап, сықақ ету дәстүріне, шығармашылық шеберліктеріне шолу жасау.

Курстық жұмыстың құрылымы: Кіріспе, негізгі бөлімнен, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1. Ғ.Мұстафиннің өмір жолы және шығармашылығы

«Мен дүниеге келген кезде, қазақ өлгенін, туғанын қағазға жазбайтын.Әкешемнің жыл қайырып айтуынша, 1902 жылғы тусам керек» (V, 9), - дейді Ғабиден Мұстафин өзінің өмір белестері туралы айтқанда. Жас кезінде ауылдағы молдалардан дін сабағын оқыған болашақ жазушы 1916 жылы Спасск заводында табельщик болып істейтін Мауқымның Жүсібі дегеннен бір жыл орысша оқиды. Екінші жылы сол заводтағы бес жылдық орыс-қазақ мектебінің төртінші бөліміне келіп түседі.

Жазушының дүниеге келгенде көргені, сауат ашып оқу жолы – бұлардың қай-қайсысы да онымен тұстас азаматтардың көпшілігіне таныс ортақ. Бұл тұрғыдан келгенде, Ғабиден Мұстафиннің өмір жолы өзгелерден көп даралана қоймайды. Оқуы туралы ілгерідегі ойын жалғастырғанда, жазушы жоқарыда аталған орыс-қазақ мектебінің төртінші бөлімін бітірген соң, одан әрі оқуға мұршасының болмағандығын айтады. (V,10), оқуға, білімге сусап келген, білуге құштар жас жігіттің ендігі мектептері өмірдің өзі болды. Жазушының өмірбаянында оны өзге қаламгерлерден даралап тұратын бір ерекшелік осы. Өз өмірінің белестеріне, осындай ерекше өткелдеріне кейінгі биктерінен көз салып қарағанда, Ғабен жазушы жолына қалай түскеніне қайран қалады (V,230). Расында білімнен, оқу мен жазудың алшақ алыс ауылда туып, бар болғаны орыс – қазақ мектебінің төртінші бөлімін ғана бітірген азаматтың өмірден жазушылық жолды таңдауы кімді де болса қайран қалдыруы ғажап емес-ті. Өйткені бүгінде орта мектепте – он жыл, жоғары мектепте бес жыл оқып шыққандардың өздерінің де жазушылық өнерге келуге жүрегі дауалай қоймайды. Жазушылықпен шұғылданғандардың да бәрі бірдей халық көңіліннен шығып жатпағаны және рас. Олай болса, жазушылық жолға түсуіне Ғабиден Мұстафиннің өзі ғана емес, өзгелер де таң қалса, оның еш әдепсіздігі жоқ. Ал шындыққа жүгінгенде, жазушының творчестволық жолында ешқандай да көркем ғажайыптар болмаған еді. Жазушылыққа оны мұғалімінің сабағы, профессордың лекциясы емес, өмір, табан ақы, маңдай тері алып келген болатын.

Қазақ әдебиетінің көрнекті қайраткерілері, олардың ішінде Ғабиден Мұстафиннің өзі де жақсы шығарма автордың өмірді терең танып-білуімен

байланысты туатындығын, кабинетінің төрт қабырғасының арасынан шықпай, өмірдің қайнаған ағысына көлденеңнен көз тастап, сырттай бақылаушы ғана болып қалған көңілден ешқандай көркем шығарма шықпайтындығын айтады. Ғабен әдебиетте де, өмірде де айналасына, айналысындағы адамдардың тағдырына еш уақытта да көлденеңнен көз салмаған. Әсіресе өз шығармаларына арқау ететін өмір құбылыстарына ерекше жауапкершілікпен, тіпті сүйіспеншілікпен қараған.

Өмір шындығы мен жазушы шығармасының арақатынасы туралы бір пікірінде М. Әуезов былай деп жазады; «Өзің таңдап алған материалды сүю ғана емес, барлық шетін назік жайларына шейін түгелімен қиялдап та іштен кешіру шарт... Тірлікке терең шомып, ой ұрығын терең көміп іздену қажет. Сонда ғана шығарма шынарын, еңбек еменін өсірсе болар» (XVIII, 398) Ғ. Мұстафин творчестволық өмір жолын тұтас алғанда, да жекелеген шығармаларының жазылу тарихна көз салғанда, мына жайға анық көз жеткізуге болады, жазушы шығармасына негіз болатын материалдарды, өмір құбылыстарын сүйіп қана қоймайды, олардың барлық назік жайлары мен шетін сырларын жанымен сезініп, іштен кешірумен де шектеліп қалмайды, солардың бәрін өзгенің емес, өзінің шындығы, өз шындығы болғанда да ең аяулы асыл шыны ретінде таниды. Соның нәтижесінде жазушы шығармаларында өмірдің ақиқат құбылыстары мен автордың өз басының жеке сырлары әрекеттері ажыратуға келмейтін бүтін құбылыс ретінде көрніс береді. «Жазушының романдарын оқып кеп, өз өмірбаянын аңдап барлағанда, романдағы кейбір ортадан жазушының өзі туып жатқаны сезіледі. Және де жазушының өз өмірі бірталай елеулі үлкен шындығы,

талыбы, табысы мен романдар ішіндегі героилардың сезіміне, сөзіне, іс-әрекетіне ұдайы араласып жатқандай байқалады». Бұл жайды «Өмір мен өлім», «Шығанақ», «Қарағанды», «Көз көрген» секілді шығармалардың қай-қайсынан да аңғаруға болады.

«Өмір мен өлім», «Шығанақ» романдарының тақырыбын С. Мұқанов ұсынысы бойынша қабыл алған жазушы болашақ шығармаларына негіз болатын өмір құбылыстарын мүмкіндігінше терең зерттейді. Толып жатқан өмір деректер нақты материалдар жинайды. Сүйтіп, екі романның да сюжеттік желісін өмірде болған құбылыстарға құрады. Кейінгі бір романында автор суреткерлік басқ қырын танытады. Өмірде бар болған оқиғаларды ғана емес, сонымен қатар өмірде болмаған, бірақ болатын құбылыстарды суреттейді. Соның өзінде де, романның тақырыбы мен идеясынан, кейіпкерлердің арман-тілегі мен іс-әрекеттерінен жазушының өз жанының шындықтары суреткерлік биік эстетикалық нысанасы көрініп тұрады.

«Ой әуендері» (1978) белгілі дәрежеде «Көз көргенді» толықтырады, кейбір бағыттарда оны жалғастырады да. Кітапқа сөз басы ретінде ұсынған ескертулерінде жазушы, «Ойсыз күнім болмайды. Әр кезде әр қилы ой келеді. Көре келе, жүре келе, уақыт, жағыдай өзгерген сайын ой да өзгере береді. Ол өзгерістердің бәрі бірдей есте қалмапты. Керексізімен қоса талай керектісі де өлген болар. Ал қағазға түскен ой өлмейді, жәрәмдісін бір уақытта біреу болмаса біреу пайдаланады. Сондықтан «Ой әуендері» атты бұл жинақта кейінгі ұрпақтың бірі керегіне жарар деген үмітпен ұсындым», - дейді. Бұл ойлар кітаптың «Көз көргенді» белгілі дәрежеде толықтыратындығы жөніндегі жоғарыда айтылған

пікірді тиянақтай түседі. Алайда «Ой әуендерін» «Көз көргенін» жалғасы деп кесіп айтуға негіз жоқ. Соған байланыста «Көз көргеннің» жоспарланған кейінгі екі кітабы жазылмай қалды ма екен деген дүдәмел ой тұрады. Оның анық – қанағына бару да келешектің ісі ғой деп ойлаймыз.

Жазушының творчестволық тұлғасына тән басты ерекшелік оның әр шығармасының тақырыбының зәру сонлығымен, идеясының актуальдылығы, болашақпен сабақтасқан өміршеңдігімен сипатталады. Сонысына орай жазушы бір шығармасын емес, бар шығармасын жазғанда да, оларда көтерілген мәселелерді бірінші болып өзі қолға алып, олар туралы бірінші болып өзі ой толғайтындығын қанағаттанғандық, тіпті мақтаныш сезіммен түйсініп отырған.

1946 жылы Ғабекен былай деген екен. «Жасадым, жетілдім деуден аулақпын. Шаш ағарып, қол қалтырағанша жазармын, сонда да совет қоғамының өмірін мүлтіксіз жаздым демеспін. Ол менің мешулігім емес, совет қоғамының өзгешелігі, ұлылығы. Талай адамдар жазар, талай қаламдар тозар. Жазған сайын, тарих ілгері барған сайын, совет дәуірі биіктей бермек, биіктей бермек... Сол биіктің шың басында тұрмасам да, бір бөктерінде көрінуге тырысып бағармын» (V, 16-17).

Ғ. Мұстафиннің творчестволық өмірбаяны осы айтылған ойлардың, пікірлердің расқа, ақиқатқа айналғанын толық растайды. Жазушы өзінің творчествосымен қазақ совет әдебиетінің бөктерінен көрінген жоқ – қазақ совет әдебиетінің биік шыңдарына бірі болып көз тартады.

Ғабиден Мұстафин мұрасы - 20 – 40 жылдардағы Қазақстанның көркемдік шежіресі. Жазушы шығармаларынан ескен шындық - дән салмағынан

басын көтере алмай, маужырай тербелген қалың бидай мен гүрсілдеген шыңырау шахтаны аралатып, туған өлкеге көз жібертеді – еңбекке толы уақытты, қарапайым еңбек адамын көресіз. Ғабиден Мұстафин жағымды кейіпкерлердің тұтас бір тізбегін жасады. Олар жарқын болашақ үшін батыл күресіп, ел-жұртының арман-тілегі, мүдде-мақсатының орындалуына аянбай ат салысты – азаматтық тұғырдан түспеді. Өз заманымен тығыз байланысып, күш-қуатын уақыт алдындағы борышты өтеуге арнау, өз замандасына аянбай қызмет ету, еңбек адамының ой-арманын, баянды ісін мадақтай жырлау, белсенді күрескер биігінен таймау - Ғабиден Мұстафиннің рухани келбеті.

Қазақ әдебиетінің классик жазушысы, көркем сөздің хас шебері атанған Ғабиден Мұстафин 1902 жылы 29 қарашада Қарағанды облысындағы осы күнгі Теміртау қаласына жақын Жауыртау – Нұра өзені бойындағы Сартөбе деген ауылында кедей отбасында туған. Болашақ жазушының әкесі мал бағумен айналысқан, сондықтан да оның балалық шағы қарасаң, көз жетпейтін кең далада, Сарыжайлауда өтті. Ол бұл кездерде әкесіне көмектесіп, мал бағумен қатар, ауыл модасынан арапша сауатын да ашты. Ал орыс тіліне оны сол кезде Спасск мыс балқыту зауытында табельші болып жұмыс істейтін Жүсіп Мауқымов деген азамат үйретті, үлкен қамқорлық жасады. Соған орай Ғабиден осы зауыт жанындағы орысша-қазақ екі жылдық мектепті бітіріп шықты. Бұдан әрі оқуға мүмкіндігі болмай, туған ауылына қайтып оралады. Ауылда әр түрлі қызметте болып, 1925 жылы білімін көтеру мақсатымен Қызылордаға келеді, мұнда оқуға түсе алмай өлкелік сотқа іс қағаздарын тіркеуші қызметіне орналасады. Жазушылық өнерге құмарлығы осы кезден басталады. Ғ.Мұстафин - әдебиет майданына

жиыrmасыншы ғасырдың басында келген жазушы. Ол алғаш хабар, шағын очерк, фельетон, қысқа әңгімелер жазып, өзінің шама – шарқын, қабілетін біраз байқап көрген-ді. Облыстық сотта іс қағаздарын тіркеп, қызмет бабымен жүрген кездерінде ел арасында болған әр түрлі заңсыздықтармен танысады. Алғашқы әңгімесі "Сәрсен мен Боқаш" (1927 ж.) "Жыл құсы" журналында жарияланған. Тұңғыш әңгімелер жинағы "Ер шойын" (1929 ж.) деген атпен басылып шықты.

Ауыл кедейлерінің таптық сана сезімінің оянуы, байларға қарсы күресі әңгімелердің негізгі арқауы болды.

Әдетте, жазушының ізденісі мен өмір жолы көркем шығармасында із қалдырып, ел басынан кешкен тарихи оқиғалар сайрап жатады. Ғабиден Мұстафин мұрасы-осынау қағиданың дәлелі мен айғағы.

Ол 1902 жылы Қарағанды облысының Тельман ауданында шағын дәулетті отбасында өмірге келді. Талапты бала әуелі ауыл молдасынан оқып сауатын ашады. «Басқа оқу жоқ еді» - дейді ол кейін жастық шағын қынжыла, мұная еске алып. Кішкентай жүректе жанған шырақ оқу-білім іздетеді, 1916 жылы зауыттағы орысша-қазақша мектептің төртінші сыныбына түсіп, бір жылдан кейін бітіріп шығады. «Қайтып оқуға мұрша болған жоқ» - деп өкінеді кейін жазушы. 1918-1925 жылдары ауылдық кеңестің әр алуан жұмысына араласады. Білімге деген құштарлық Қазақстанның сол кездегі орталығы Қызылордадан оқу іздетеді. Бірақ балалық шағында алған шамалы білім оқу орнына түсуге мүмкіндік бермейді де, жоғарғы сотқа қызметке орналасады. Жазушының өзі айтқандай, көркем әдебиетке деген құштарлығы осы жылдары оянады.

Жиыrmасыншы жылдар туған еліміз үшін аса бір маңызды кезең еді.

Ауылдағы негізгі тартыстар Азамат соғысынан кейінгі ауыртпалықтар, әлі оңы мен солын айыра бермейтін кедейлердің қиын хал-күйі төңірегінде өрбитін. Жастайынан талай қиянат көрген болашақ жазушы қайнаған өмір ағымынан сырт қала алмады. Өзінің алғашқы қадамы туралы «көргенімді, сезгенімді жазатынымын» - дейді Ғабен. Демек, жазушылық өмірінің алғашқы сәтінен бастап бүкіл өнер жолына үлкен әсер осындай тартыстардың қызу ортасы еді.

Жас талапкер өзі көрген, сотқа келіп түскен шағымдарда айтылған қиянат, мұң-шер, жапа шеккен адамдар туралы нақтылы оқиға негізінде жазған хабарлам, очерк, фельетондарын «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетіне жариялап жүрді.

Сөйтіп, Ғабиден Мұстафин алғашқы қалам тартысынан-ақ өзінің өзекті тақырыбын -- бүгінгі қайнаған өмірді дәл тапты. Тұңғыш кітабы «Ер Шойынға» (1929) арқау болған да өзі жақсы білетін ауыл өмірі, кедейдің сана-сезімі, таптық күрес еді. «Ер Шойын» - жазушының ғұмырлық тақырыбын белгілеген, өзінің талабы мен талантына сенім туғызған ерекше мәні бар жинақ.

Белгілі сыншы-ғалым З. С. Кедрина жазушының өнер жолын саралай келіп, оны тың тақырыптарға алдымен баратын батылдығын, жаңашылдығын «творчестволық барлауда» деп, басып айтты. Жинаққа кірген тұңғыш шығармасы «Сәрсен мен Боқаш» (1927-1928), «Ер Шойын», «Қан», «Қашқын» сияқты әңгімелерінде ауылда өтіп жатқан таптық тартысты нақтылы оқиға-көріністер арқылы реалистік дәлдікпен бейнеледі. Жазушының ыстық ықыласы қаналған тап жағында. Көркем образдар арқылы: «Адал еңбегінің қызығын көрмей, «адам!»

деген ардақты атқа қолы жетпей қиналған адал жандар осылар!» - дейді жазушы. Байдың малын бағып, байлығын көбейтіп жүрген құтты қол жандар жас жазушыға адамгершілік пен ақиқаттың өзіндей көрінеді. Осындай жандарды сүліктей сорып, басын көтертпей езгіге салған үстем тапты автор жиіркенішпен, жек көре суреттейді. Жазушының мақсаты айқын, мүддесі ашық - кімді жақтайтыны, кімді даттайтыны түсінікті. Таптық күресте қажыр-қайрат. Ұйымшылдық қажеттігін суреттеген «Ер Шойын» жинағы тартыстың әлі толастамаған кезінде шыққанын ескерсек, кітаптың әлеуметтік, тәрбиелік мәні ерекше болғанын түсіну қиын емес.

Жас қаламгердің шығармаларында кейбір біркелкілікке құрылып, жинақтау сипаты, көркемдік мәнерлеу, тіл шеберлігі жетпей жатқанмен, алғашқы қадамынан-ақ автордың азаматтық белсенділігі, мақсатының айқындығы анықтала түседі. Бірақ Ғ. Мұстафиннің ізденісі жеңіл болды, қиыншылыққа кездеспеді десек, шындықтан ауытқыр едік. Жас кезінде жүйелі білім ала алмаған жазушыға өмір – білім бұлағы, еңбек - өнер шырағы болды. Баяу қалыптасып, жеңіл шығармалар да жазды, бірақ тынымсыз еңбек, іздену, оқу білімді, парасатты, қайраткер жазушыға айналдырды.

Жаңа кітаптың қуанышы басылмай жатып, өмірді терең зерттеу қажеттігін түсінген қаламгер Қарағанды қаласындағы қайнаған еңбек майданына (1930) араласып кетеді – үш жыл шахтада жұмыс істейді, жер қазады, токарь мамандығын игереді. «Мен келгенде, - дейді жазушы, - Қарағандыда бес-алты жаман барак қана, 30-40 жұмысшы ғана бар еді. Олар көмірді қайламен қазып, сыртқа темір шелекпен қол бұрау арқылы шығаратын.

1930 жылы көктемде Қарағандыға ауысып, үш жыл қара жұмыс істеді: слесарь, токарь мамандығын меңгерді. 1938 жылы "Қарағанды пролетариаты" газетінің жауапты секретары қызметіне тағайындалады. Көп кешікпей, Новосибирск қаласында қазақ тілінде "Қызыл ту" атты газетінің шығуына байланысты, сонда жіберіледі. Газет жабылғаннан кейін 1938 жылы Алматыға келеді. 7-8 жыл көркем әдебиеттен қол үзіп кеткенімен, журналистік жұмыста қаламы төселіп, өмір тәжірибесі молайып қалған Ғ.Мұстафин тұңғыш роман жазуға кіріседі. Қарағанды шахтерлерінің өмірінен алынған бұл роман "Өмір, не өлім" 1940 жылы жеке кітап болып басылды. Алғашқыда "Әдебиет майданы" (қазіргі "Жұлдыз") журналдың қатардағы қызметкері (1938-40 ж.), кейіннен редакторы (1940-48 ж.) бола жүріп, жемісті шығармашылық еңбек етті. Ауыл сахналарына арналған бірнеше шағын пьесалар "Айғақ", "Тұтқын", "Күлмеген адам", "Керуен", "Құлаған күз" тәрізді әңгімелер жазды.

II. Негізгі бөлім

1. Шығармаларының негізгі тақырыптары

Шығармаларының негізгі тақырыбы – өндіріс өмірі мен ауыл тіршілігінің тынысы. Бұрын өндіріс тақырыбына "Алыптың кереметтері" (1936 ж.) очеркі мен "Керуен" (1938 ж.) атты әңгімесін жариялаған автордың "Өмір, не өлім" романы совет әдебиетінде бұл саладағы алғашқы күрделі туындыларының бірі болды. Өз шығармашылығына үлкен жауапкершілікпен қарайтын автор он шақты жылдан кейін осы тақырыпқа қайта оралып, "Қарағанды" романын, 1952 жылы жазды. Бұл романдар қазақ халқының совет өкіметі жылдарында бастан кешкен өзгерісті өмір жолдарын суреттейді. Жазушы оны шығармаларында шынайы отырып, туған халқының тағдыры жайлы толғаныстар жасайды.

Ғұлама жазушының Қазақ совет әдебиетін дамытудағы және қоғамдық қызметіндегі қол жеткен жетістіктері белсенділігі, іскерлігі ескерусіз қалған жоқ. Ол "Ленин" орденімен, "Еңбек Қызыл Ту" және екінші дәрежелі "Ұлы Отан соғысы" орденімен марапатталған.

Шахта дегендері—бір ғана құдық.

1933 жылы Ғ. Мұстафин «Қарағанды пролетариаты» газетінің жауапты секретары қызметіне тағайындалады. Бірақ көп кешікпей қазақ тілінде «Қызыл ту» атты жаңа газеттің ашылуына байланысты Новосибирь қаласына ауыстырылады. Өмірлік тәжірибесі байыған, журналист ретінде қаламы төселген Ғ. Мұстафин 1938 жылы газет жабылысымен Алматыға көшіп келеді. «Бұл менің

тоғыз жыл бойы жазушылықтан қол үзіп кеткен, қайта оралған шағым», - деп жазады Ғабен.

Астана жазушыға көп әлеуметтік-қоғамдық жағдайды жаңа биіктен бағалауына, әдеби-мәдени өмірмен етене араласуға мүмкіндік береді. Сол бір иелелогия майданы шиеленіскен таптық тартыстың қызу жылдарында қаламгер, өзі айтқандай, күресші өнердің шебінде болды. Оның көз алдында жалынды ақын Сәкеннің. Сәбит пен Бейімбеттің, ұлы Мұхтар мен Ғабиттің үлгі тұтар жарқын бейнелері тұрды. Дәл осы жылдары әдебиетті көп оқып, көп үйренді. Жаңа өмірдің әсерімен философиялық, эстетикалық көзқарасы қалыптасып, әдеби талғамы биіктей береді. Көптен көңілін қобалжытқан етене жақын тақырыбы – Қарағанды шахтерлерінің өмірінен «Өмір мен өлім» атты тұңғыш романын жазады (1939). Бұл - үлкен жолдың бастауын аша түскен кітап еді.

Он жыл (1939-1948) «Әдебиет майданы» (қазіргі «Жұлдыз» журналында қызмет істей жүріп, басында әдеби қызметкер, кейін редактор) ел өмірімен кең танысып, жазушылық еңбекке біржолата бет бұрады. 1942 жылы «Айғақ» атты шағын пьеса, «Тұтқын», «Күлмеген адам», «Құлаған құз», «Керуен» секілді әңгімелер жазды. Жазушының кемел кезі басталады.

1940 жылы Ғ. Мұстафиннің алғашқы көлемді туындысы - «Өмір мен өлім» романы жарыққа шықты. Бұл – қазақ әдебиетіндегі ауыр өнеркәсіпке еңбек еткен жұмысшы табы мен техникалық интеллегенцияны бейнелеген тұңғыш шығарманың бірі еді. Қарағанды да көтеріліп келе жатқан зор жаңалық кеңінен суреттелгенмен, алғашқы әңгімелерде кеткен кемшілікті бұл кітаптан да байқауға

болар еді. Әйтсе де, жана шығарма болашақ романистің шеберлігін шыңдауда үлкен мектеп болды.

«Өмір мен өлімнен» кейін қаламгердің сәтті кезеңі басталады. Ауылдағы өзгерістерге арналған «Шығанақ» (1945) пен «Миллионер» (1948) жарық көреді. Көп кешікпей орыс тілінде жарияланған бұл шығармалар қаламгер есімін кеңінен танытады. Мұстафин шығармалары шет тілдерге аударыла бастайды. Ғ.Мұстафин 1953-57 және 1961-64 жылдары Қазақстан Жазушылары одағы бақармасының төрағасы болып қызмет атқарды. Сол кезде ол республика Компартиясы Орталық комитенінің мүшесі, еліміздің және республиканың Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды.

Ғабиден Мұстафин ұзақ және мазмұнды да қызықты өмір кешті. Оның өмір жолында қуаныш—қызықпен қатар қиындықтарда ,ауыртпашықтарда аз кездескен жоқ. Қазір біздің арамызда халық жазушысы, бұрынғы КСРО- ның Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, республика Ғылым академиясының мүше—кореспонденті, жазушылардың халықаралық және одақтық форумдарының қатысушысы Ғ.Мұстафин жоқ. Бірақ оның есімі халық есінде. Болашақ ұрпақ ғұлама жазушыны ешқашан ұмытпақ емес. КСР Министрлер Кеңесінің 1986 жылғы 31-ші наурызындағы қаулысында: Қарағанды және Алматы халық депутаттары облыстық Кенесенінің ұсынысың қабылдап, Қарағанды қаласындағы № 83 орта мектеп пен Бұқар жырау ауданындағы "Березняки" ауылына Ғ. Мұстафин есімі берілген. 2002 жылы Ғ.Мұстафиннің туғанына 100 жыл толуына орай Қарағанды облысында үлкен той болды. Бұл мерейтой жазушының ұрпақтары емес, халқына, еліне де үлкен қуанышпен атап өтетін оқиға деуге болады. Торқалы тойдың

мерейлі мезеттерінің бірі – Қарағандыдағы көп көшелердің ішіндегі ірісіне Ғабиден Мұстафин есімін беру болды және осы жерден басталатын көше төріне классик жазушының мүсіні орнатылды.

Нардың жүгін көтеріп, дала кассигі аталған ғұлама жазушы көптеген шығармаларының тамырын өскен өлкесінен тапты. Алайда оқығанынан, тоқығаны көп, табиғатынан дарынды, дала даналығын, замана жақсылығын бойына сіңірген ғабаң бір ғана аймақтың жазушысы емес. Ол – халық жазушысы, ұлтымыздың мақтанышы.

Қазақ әдебиетінің көрнекті туындысына айналған «Қарағанды» романы (1952) мен жазушы шығармашылығының бір шыңы – «Дауылдан кейін» (1960) романы басылып шығады. Соңғы жылдары өз басынан кешкенін, көргенін ғұмырнамалық «Көз көрген» романында жинақтады.

Өте маңызды тақырыптарға арналған бұл романдарға кең тұрғыдан қарау керек. Жиырманшы жылдардағы кескілескен таптық тартыс, қалың бұқараның рухани өзгеруі, ауылдың өзгерісі ең далаға өнеркәсіп алыптарының салынуы – феодалдық құрылыстың тас-талқаны шығып, жаңа бір қоғамның қанат жаюы кең бейнеленген кең құлашты шығармаларға айналды.

2. Ғ.Мұстафиннің «Шығанақ» романының көркемдік ерекшелігі

Қазақ әдебиетінде шаруа тақырыбына жазылған шығармалардың ішіндегі айрықша көркемдік қуатқа ие болғаны – «Шығанақ» романы.

Өмірдің талай бел-белесін басынан кешірген Олжабек бейнесі өзінің типтік сипатымен миллиондаған орта шаруаның жолайырықтағы әуре-сарсаның шыншылдықпен әйгілейді. «Өзімдікі» дегенде өзегі талып, көкірегінің күйгеніне қарамай, жалғыз саяғын көш жерден іздейтін Олжабектер аз болған жоқ. Бұл өмірден алынған шындық еді.

Табиғатында момын, қақ-соқпен ісі жоқ Олжабек азын-аулақ жиған-тергеніне қатер төнгенінде шиыршық атып шыға келеді – кәкір-шүкірін ортаға өткізуге іші қимай, үй-ішімен колхоздан қашып, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған Жерұйықты іздеп жөнеледі. Ойлап қараңдар: жылдар-жылдар тырнақтап жиған көз құртты – азғантай малынан айрылғалы тұрғанын сезгенде Олжабектің көкірегіне дерт құйылып, тұла бойы қызғаныштан удай ашиды – тас қияны паналап, айдалаға безіп кетеді. Ал, дәл осы кезде Россия орталығында Никита Моргунок, шалғайдағы қара қазақ Олжабектей, еркіндік іздеп қаңғи жөнеледі. Олжабектің көрген күні қараң: әйелі мен баласынан, қызғыштай қорыған «байлығынан» айрылған, бандының талауына түскен, өлімші болып сабалған Шығанақ ел ішіне қайта оралып, қызу еңбек еткен сүттей ұйыған абзал жандар ортасынан құтты қоныс, бақыт табады. Сөйтіп, жазушы сайы мен саясы мол өмірді, қаға берісі мен қалтарысы көпт адам тағдырын бар болмысымен тұтастай ашады.

Романның бас қаһарманы – Шығанақтың өмір жолы - адам деген ардақты атты, түсте көрген арманын, бақытын еркін еңбек, қосқан өмірден тапқан қазақ кедейінің жолы. Шығанақтың тағдыры да жеңіл емес. Тағатсыз ой шырмауы, тынымсыз еңбек, ел қамы, жер сәні – кәрі тарланды күрке босағасынан тұрмыс шыңына көтерген рухани кеңістігі. Кешегі қара табюан тақыр кедей – бұл күнде төңірекке азаматтық биік мұнарадан көз жібереді, ол өмірдің қадір-қасиетін, өз борышын түсінген жан. Шығанақ бұл күнде – арамдыққа душар болса, табан тіреп қарсы тұрар, адалдық үшін жанын қияр азамат. Өмір теркісін жұмыр басы жетерліктей көрген ел атасы – Шығанақ өзінің, өзі сияқты еңбек сүтін емген шымыр білек жандардың өмірдегі ізгі орнын әбден ұққан: адамды (Олжабекті) өзгерту, құлазыған шөлейт даланы құлпырту, өмірді сәндеу өз қолының ісі екенін жақсы түсінген.

Миллиондаған ауыл шаруасының өмір жолы -- өз мүлкіне деген санасының өзгеруі оңай болмаған. Жазушы табиғатты өзгертуші бейбіт еңбек адамын жырлай отырып, өмірге нәр беріп, адамның өзін жаңғыртатын жасампаз еңбекті дәріптейді.

Егер Олжабек соқпағы колхоздастыруды қамтыса, романның негізгі оқиғасы – екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы еңбек адамының ерлігі. Барлық оқиғаның ортасында – «ақ тарының атасы» Шығанақ Берсиевтің өмірі мен ерлігі, әлемді таң қалдырған рекорды. «Шығанақ бейнесін, - деп жазды Мұхтар Әуезов, - жазушы халық бойындағы даналық қасиеттің жаңа сападағы бір үлгісі, өнегелі адам сипаты етіп, көтере көрсеткен. Соғыс жылдарында сусыз сараң сахарада ғажайып мол егін өнім алған еңбек даналығын келісті көрсете білген. Шығанақ бейнесінде еңбек таразысын танытатын өзі дана, барынша адал пейілді

адам бейнесі жақсы сипатталған.» Шығанақтың тұлғасы мен ерлігі әлем жұртшылығының назарын аударды. Атақты неміс ақыны Бартольд Брехт арнаулы поэма жазды. Қызығы мол, қиындығы сан алуан аға ұрпақ тағдырын, нұрлы келбетін қаламгер қастерлей бейнеледі. Біз бір сәт диқан қарт Шығанақпен бірге Ақтөбе жазирасының жусан иісімен сергек тыныстап, жылы топырақты уыстап тұрып: «Дән себер сәт туды!!» деп, дәл басып, кесіп айтып, туған жердің қадір-қасиетін зердесіне тоқи білген көне көз еңбек адамының келбетіне, шуақ көңіліне сүйсіне қарасақ, енді бір сәт Александр Твардовскийдің Никита Моргунок, немесе Михаил Шолоховтың Кондрат Майданниковіне ұқсап азын аулақ жиған-тергенін қызғыштай қорғап, ит арқасы қиянда қалбалақтап бара жатқан Олжабектің де көкірек күйін түсінеміз.

Шығанақ тұлғасының халықтық сипатын, типтік қасиетін терең ашқан ұлы Мұхтардың сөзі мейлінше ақиқат: «Геройдың - ішкі-тысқы сын-сыйпаттарын алып суреттейді. Адамның ішкі сезімдері, ой толғау, қажырлы арманы халықтық кең қызықты мінездер ретінде әдемі үйлесіп, тұтаса қалыптасқан». Тағдыры да, қимыл-қарекеті де қилы-қилы аға ұрпақ - әкелеріміз Шығанақ пен Олжабек өз замандасының типтік қасиетін бойына топтастырған мәнді, жанды бейне. Олардың өмір жолы, мінез құлқы шыққан ортасына, топырағына сай. Сүйіп-сүйсініп отырып, жазушы оларды киіз байпақ, саптама етігімен - сол өмірдегі өз қалпымен суреттейді. Ұлттық сипатпен бірге олардан адамгершілік асыл қасиеттің қалыптасуын көреміз. Жаңарып, қайта туған Шығанақ. Олжабек бейнелері Отанға деген қуаныш сезімінің, сөнбес махаббаттың көркем сөз кестесіне түскен ескерткіші іспетті. Соғыстан кейінгі халық шаруашылығы мен

әдебиетіне арналған «Миллионер» повесінде ауыл еңбекшілерінің рухани-әлеуметтік келбеті кеңінен бейнеленген. Колхозды ауылдың жаңа кезеңін суреттейтін «Миллионер» повесі «Шығанақ» романының заңды жалғасындай: тақырып - біреу, кейіпкерлер - жүйелес, бірақ уақыт жағынан екі кезең суреттелген. Жаңа уақытқа сай жаңа әуен-бояумен әрлендірген «Миллионер» ауылдың келешегін паш етеді, жаны сұлу адамдар жырланады. Кезінде сыншылар: шығарманың негізгі тартысы Жомарт пен Жақып жоспарына байланысты еді деп, - талданған-ды. Бұл дұрыс та, бірақ бұл тартыс күрделі әлеуметтік - қоғамдық құбылысы ашуға дәнекер ғана. Өйткені осынау тартыс үстінде жас қауымның ой шеңберінің керемет өскенін, жаңа көзқарасты азамат болып қалыптасқанын, жаны таза, адамгершілігі мол жандар екенін көреміз. Кейін «Миллионер» шет тілдердің тіліне аударылғанда шығарманың осы жарқын рухы жоғары бағаланған-ды. «Миллионердің» кейіпкерлері – талғамы биік, сезімтал жандар, олар өмірдің сұлу табиғатын, терең түсінеді, өмірді халықтық тұрғыдан бағалайды.

III. Қорытынды

Мұстафин кейіпкерлері сүттен ақ, қардан таза кейіпкер емес, бірақ әрқашанда адамгершілік өреден табылатын адал жандарды үлгі тұтады. Ақ тілекті Жомарттар Саттар Ерубәев («Менің құрдастарым») хикаятының сүйікті кейіпкерлері Рахмет, Лизамен мінездес, сыйпаттас. Адамға тән қайшылық «Миллионер» повесінің бас арнасына айналған. Қыстың боранына, ыстығына шыдап, ауылдың өсіп-өнуіне көп үлес қосқан Жақып сол қол жеткенге қанағаттанып, өмірдің ағымына ілесе алмай қалады. Ізденбеу, жаңалыққа талпынбау - өмірлік үлкен кемшілігіне айналып, кешегінің келте пішілген кесімінен аса алмай қалады. Туған елдің келешегін ойлаған Жомарт ойының өресі биік ауылды жаңа белеске ілгерілетіп түсуге ықпалын тигізбек. Демек, жазушы екі түрлі ой-сезім төңірегіндегі тартыс арқылы қоғамдық-әлеуметтік, адамдық мәселе қояды. Соғыстан кейінгі ауылдың даму жолы өзінің табиғи, күрделі қалпында, екі түрлі көзқарас – екі түрлі жоспар арқылы суреттеледі. Әрине, қазіргі биіктен қарасақ, жазушы шығармаларына бірталай мін тағар едік. Өмірдің кейінгі дамуы көп жағдайда аға жазушының сеніміне, арман-тілегіне қайшы келеді - ол заманның иірімі мен қайшылықтары толық болжай алмады. Әйтсе де адамгершілікті аңсаудан, сәулетті де дәулетті өмірді армандаудан туған. «Миллионер» повесі - өзінің кіршіксіз тазалығымен, мөлдір сезімімен уақытында жұмыр жердің талай бұрышынан оқырман тапқан шұғылалы шығарма. Рас, бүгінгі өмір ел бақыты, жердің гүлденуі тек колхозды ауылға байланысты емес екенін дәлелдеп келеді, бірақ қаламгердің ізгі тілегі, тап-таза кейіпкерлері оқушы көңіліне ой салады.

Соғыстан кейінгі халық шаруашылығы мен әдебиетіне арналған «Миллионер» повесінде ауыл еңбекшілерінің рухани-әлеуметтік келбеті кеңінен бейнеленген. Колхозды ауылдың жаңа кезеңін суреттейтін «Миллионер» повесі «Шығанақ» романының заңды жалғасындай: тақырып - біреу, кейіпкерлер - жүйелес, бірақ уақыт жағынан екі кезең суреттелген. Жаңа уақытқа сай жаңа әуен-бояумен әрлендірген «Миллионер» ауылдың келешегін паш етеді, жаны сұлу адамдар жырланады. Кезінде сыншылар: шығарманың негізгі тартысы Жомарт пен Жақып жоспарына байланысты еді деп, - талданған-ды. Бұл дұрыс та, бірақ бұл тартыс күрделі әлеуметтік - қоғамдық құбылысы ашуға дәнекер ғана. Өйткені осынау тартыс үстінде жас қауымның ой шеңберінің керемет өскенін, жаңа көзқарасты азамат болып қалыптасқанын, жаны таза, адамгершілігі мол жандар екенін көреміз. Кейін «Миллионер» шет тілдердің тіліне аударылғанда шығарманың осы жарқын рухы жоғары бағаланған-ды. «Миллионердің» кейіпкерлері – талғамы биік, сезімтал жандар, олар өмірдің сұлу табиғатын, терең түсінеді, өмірді халықтық тұрғыдан бағалайды. Егер «Шығанақ» романындағы Олжабектер: «Қайтсем, өмірден опық жемей, жылы ұя табам!» деп жеке басының қамын ойлап жанталасса, «Миллионердің» кейіпкерлері: «Қайтсем, еліме, жұртыма септігім тиеді» деп, алдарына мақсат қояды.

Табиғатында момын, қақ-соқпен ісі жоқ Олжабек азын-аулақ жиған-тергеніне қатер төнгенінде шиыршық атып шыға келеді – кәкір-шүкірін ортаға өткізуге іші қимай, үй-ішімен колхоздан қашып, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған Жерұйықты іздеп жөнеледі. Ойлап қараңдар: жылдар-жылдар тырнақтап жиған көз құртты – азғантай малынан айрылғалы тұрғанын сезгенде

Олжабектің көкірегіне дерт құйылып, тұла бойы қызғаныштан удай ашиды – тас қияны паналап, айдалаға безіп кетеді. Ал, дәл осы кезде Россия орталығында Никита Моргунок, шалғайдағы қара қазақ Олжабектей, еркіндік іздеп қаңғи жөнеледі. Олжабектің көрген күні қараң: әйелі мен баласынан, қызғыштай қорыған «байлығынан» айрылған, бандының талауына түскен, өлімші болып сабалған Шығанақ ел ішіне қайта оралып, қызу еңбек еткен сүттей ұйыған абзал жандар ортасынан құтты қоныс, бақыт табады. Сөйтіп, жазушы сайы мен саясы мол өмірді, қаға берісі мен қалтарысы көпт адам тағдырын бар болмысымен тұтастай ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. Алматы 1973 ж.
2. Ахметов С. Әдебиет хәм критика. Нөкіс 1978ж.
3. Ғ.Мустафин. «Шығанақ» романы. Алматы 1973ж.
4. Ғ.Мустафин. «Миллионер» Алматы 1963ж.
5. Әдібаев Х. Уақыт және суреткер. Алматы 1967 ж.
6. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан. Алматы 1978 ж.
7. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. Алматы 1959 ж.